

М.Қасымова, А.Б.Мырзабаев

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

### БИОЛОГ-ҰСТАЗ ЖӘНЕ ТӘРБИЕШІ ТҮЛҒАСЫ

*В статье раскрываются особенности формирования профессиональной компетентности педагога-биолога в различных сферах деятельности, а также значение понятия «компетентность» и «профессиональная компетентность». В статье рассматриваются вопросы компетентности и профессионализма учителя биологии. От умения педагогов комплексно решать вопросы обучения и воспитания будет зависеть уровень образованности следующего поколения. Именно в школе закладываются основы всестороннего развития личности.*

*The peculiarities of formation the professional competence of formation the professional competence of teachers in different spheres of action, and also the meaning of definition «competence» and «professional competence» are considered in the article. The level of our generation's education depends on the skill of teachers to solve problems of teaching and education. In school the basis of person's development is formed. The question is that the person is educated by person.*

Қазіргі кезеңде мамандықтар мен кәсіп түрлері өте көп. Әр мамандықтың өзінің ерекшеліктері мен артықшылықтары бар, сондықтан оларды басты және болмашы деп бөлуге болмас. Әрқайсысының өмірде өз орны, өзіне тән белгісі бар.

Ұстаздық мамандықтың ерекшелігі тек оның оқушыға білім беретіндігінде емес, біз балалар үшін барлық жағынан үлгі боламыз. Осы басты мәселе. Біз жұмысымыздың, біліміміздің, шеберлігіміздің үнемі елге, халыққа қажет екендігін, ертең бізден білім алған әрбір адамның үлкен, дербес өмірге қадам басатынын ұмытпағанымыз абзал. Барлық адам, президенттен бастап қарапайым жұмысшыға дейін, ұстаз «жасаған өнім».

Биология мұғалімі де «жасаушының» бірі, алдыңғы қатарлысы десе де болады, себебі осы ғылымның, пәннің ерекшелігі солай. Біз басында айтып өткендей, адамның «мазмұнының» негізін құрайтын дүниетаным, адамгершілік және имандылық тәрбиеде биологияның орны ерекше [1].

Өмірді, тіршілікті оқыту оңай ма? Кез келген кітапта, көрнекі құралда, тірі ағзалар жөніндегі киноларда өмірді көрсете ала ма? Жоқ! Өмір дегенді, оған жақындамай, ұстамай қалай түсінуге болады? Кез келген тірі нысанды оқуда оның өмір деп аталатын үлкен айдында басқалар сияқты бір нүкте екенін өзіміз ұға, түйсіне аламыз ба? Бөлшектерін оқып, тұтастығын түсінгіміз келеді. Тіршілікті, өмірді біртұтастықта қабылдауға тәрбиелеу — биолог-ұстаздың ең басты парызы.

Сабақтың сапасы — мектептің маңызды міндеттерінің бірі. Көпшілік биолог-мұғалімдер оқушылардың өздері оқу сабағының сапасына еш қатысы жоқ деген нық сенімде: «Көбірек қаталдық және тәртіп, көбірек сабақтағы жұмыс, сонда біз жоғарғы сапаны қамтамасыз етеміз». Жоқ, олай болмайды. Бүгінгі білімнің сипаты өзгерген. Қазіргі жылдам, жанталасқан үрдістер, құндылықтардың бағалануы білімді бүкіл өмір бойына түгел алып шығуға мүмкіндік бермейді. Бұл, ендеше, биологияны оқыту үрдісін өзгертуді талап етеді, ол дегеніміз — басты міндет болып білімді игеру әдістемесі түр деген сөз. Барлығы түсінікті, қисынды сияқты. Ал, биолог-мұғалімнен не талап етіледі? Қазіргі таңдағы сабақ мазмұнына қарай, формасына қарай қандай болуы керек?

Биологияның негізгі мәселелерін: даму, көбею, сыртқы және ішкі құрылыс, оның қызметі, гигиена т. б. сұрақтарды қалыптасқан ізбен (сабақ сұрау — жаңа материалды түсіндіру — бекіту — үйге тапсырма) қатаң талап қоя отырып, оқытуда қандай жоғары нәтижеге жетуге болады?

Бір мектептегі биология сабағына қатысқанда байқағанымыз, ол сабақта бәрі болды: сұрау, жаңа материалды түсіндіру, т.б. тіпті кішкене зертханалық жұмыс та жүргізілді, яғни «бәрі ғылым бойынша», әдістемешілердің ұсынысымен. Бірақ сабақ көңілсіз және енжар болды. Неге? Мұғалімде сол сабақтың жемістілігін беретін шығармашылық шабыт болған жоқ. Ал осындай серпіліссіз, жаңашылдықсыз сабақта басты мәселе — педагог пен сыныптың бір маңызды ортақ іс атқарғаны сезілген жоқ [2].

Білім академиялары, институттар, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе зертханаларының әдістемелік проблемаға байланысты жұмыстары, әрине, құнды, маңызды, олардың барлығы тек пайда әкеледі. Бірақ шығармашылық — ұсыныстар мен кеңестерді «суретке түсіру» емес, сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді, үйренген педагогикалық жаңалықтарды көрсету де емес. *Ол иын мағынасында мүмкін әрекеттерді өзіндік толғау, ізденіс ынтасы, баланың «жанын қозғау», оның білімге, пәнге*

және сабаққа деген сезімін, қызығушылығын ояту. Шығармашылық — біреудің шекпенін кию емес, ол рухтық күй, ұстаздық мамандықтың мәні. Ол әдістеме канондарына жауап беретін шаблондыққа, енжарлы дәстүрлілікке төзбейтін ұстаздың ішкі күйі.

Оқыту теориясындағы бір мәселе, білімнің толыққанды меңгерілуінің бастапқы айғағы — мұғалімнің өз жұмысына деген шығармашылық ыңғайының болуы. Өзің шығармашыл адам бола тұрмай, шығармашылыққа үйрете алмайсың. Ал өзінді осы тұрғысында көрсету үшін сабақтарға аса тыңғылықты дайындалу керек.

Бұл жерде нені айтуға болады? Әуелі, әрине, ұстаздың білімінің жан-жақтылығы және тереңдігі, оның ой-өрісінің кеңдігі қажет. Мұғалім өзінің сабақта беретін материалынан көп білуі керек. Сондықтан сабаққа дайындық тек қана оқулық көлемімен шектелмеуі тиіс. Тек біліп қою аз. Өтілетін материалға байланысты ғылыми зерттеулер, басқа да бар деректерді ойында жүйелеп, қорыта отырып оқушыларға жеткізуі қажет. Ол үшін тақырып бойынша ғылыми білімді шығармашылықпен байыптап ұғыну керек. Басты мәселе — балаларды еліктіретін ойлау әрекетін жоспарлап, ұстаздың қандай көмегінің шамасымен шешілетін шығармашылық тапсырмалар қойылатыны ойластырылуы шарт. Сабаққа дайындалу барысында ондағы шығармашылық жұмысқа оқушыларды түгел немесе барынша көбірек тартатын өздік жұмыс формаларын, оны ұйымдастыру түрлерін қарастырып неғұрлым баланы көбірек ойландыруға тырысу керек.

Сабаққа шығармашылықпен дайындалу оқушыларға эмоционалдық әсер ету жолдарын, олардың сұраныстарын және оқу мотивтерін барлық сабақ бойына жобалап ойластыруды оны елестетіп шама-лаумен байланысты.

Пәнді оқытудағы күрделі мәселенің бірі — ол *тіршіліктің шығуымен байланысты*, эволюциялық даму жолдары, бұл әсіресе қазіргі дінге сену, әркімнің әр түрлі жолды ұстау еркімен байланысты мәселелерден келіп шығады. Бұл биолог-ұстаздың алдына оңай міндет қоймайды. Әйтсе де оның ұстанымы екі жақты болмауы керек. Өйткені ешкім мектептен дүниені, әлемді ғылыми тұрғыда түсіндіруді тартып алған емес. Осы тұста маңызды нәрсе ол тек қана нақты ғылыми деректерді алға тарту емес, байсалды, сабырлықпен түсіндірмелі, әрине, терең мазмұнды ғылыми әңгіме. Осындай көзін жеткізе айтқан деректер ұстазға деген сенім мен сыйластықты жеңіп алуға, сөйтіп оқушылар арасынан пікірлестер тартуға себеп болады. Екінші мәселе, қазіргі қалыптасқан *экологиялық жағдай*, табиғаттағы тосын көріністермен байланысты биологиялық білімнің рөлі. Біз алдында айтып кеткендей, экологиялық мәдениет, экологиялық сауаттылық қалай тәрбиелену керек дегеннен туындайды. Осы айтылғандар және басқа да биологиялық білім мен тәрбие үрдісінде биолог-ұстаздың тұғырының биік болуы қажет, шығармашылық ізденіс — кәсіби шеберлікке жеткізетін жол.

Қазіргі балалардың көп нәрсені өте ерте біліп, кейде әдейі (мұғалімнің сол мәселеге байланысты не білетінін байқағысы келіп) сабақтан тыс мәселелерді сұрайды. Бұл кездесіп жүрген шындық. Ақпарат ағынының молдығы, стрестер, ерте есею, күдіктіліктің дамуы — бұлардың барлығы уақыт талабы. Балалар өздерінше өмір сүргілері келеді, көпшілік, біздіңше, қоғамның эталонын олар қабылдамайды. Ал ұстаз, тәрбиеші міндетті түрде өзін-өзі ұстай білуі керек, өйткені ол — педагог. Кәсіби шыдамдылық, басқаша ойлайтындарды түсіне алу кәсіби борышына адалдық болып есептеледі. Ең тамаша мектеп, тамаша безендірілген биология кабинеті, жетілдірілген оқулықтар мен оқу құралдары — ешқайсысы және еш уақытта ұстаз тұлғасына шақ келмейді, оны еш айырбастай алмайсың. Оның рөлі жоғары дәрежелі. Оның бала ойына және бала рухына (жанына) әсері — негізгі тәрбиелеуші күш. Сондықтан қазіргі таңда ең өзекті проблема — кәсіби шеберлік, тіпті кейбір біздің әріптестер үшін кәсіби жарамдылық [2].

Биолог-ұстаздың тұлғасы, оның эрудициясы, өз ісіне берілгендігі және талантты оқушылар санасына өшпес белгі қалдырады, көбінесе олардың қабілеттері мен ықыластарына тәуелсіз, жеткіншектердің өмірлік жолын анықтайды.

Қазіргі, жаңа оқушыға жаңа, білгір, эрудициясы жоғары, жаңашыл-ұстаз керек. Оқушылар биологияны жақсы меңгеру, жақсы білу үшін не керек? Бірден жауап бере алмайтын қиын сұрақ.

Ұстаз жетістігінің басты жағдайы, оның шығармашылығының алғы шарты ол — балалармен ынтымақтас болудағы ішкі сезімінің көрінісін беруге дайындығы және талпынысы. Ұстаз өзінің ішкі сезімін пәнге деген қатысымен, сүйікті ісімен шұғылданғандық қуанышымен, өз білімін басқаларға бере алу мүмкіндігінен рухтануымен (шабыттануымен), білімін әр түрлі, тіпті аяқ астынан болған жағдаятқа қолдана алу біліктілігімен көрсетеді.

Мұғалімнің *әдістемелік мәдениеті* биолог-ұстаз үшін кәсіби қызметінің субъектілік қыры болып, ол педагогика ғылымында қалыптасқан тәжірибені өз қызметінде көрсету қабілетімен және,

бір жағынан, өзінің қажеттілігі, тәжірибесі мен білімінің — екінші жағынан, биологиядан оқу-тәрбие үрдісінің жағдайы мен дамуы арасындағы шекті іздеу болып табылады.

Әдістемелік мәдениет шығармашылықтың барынша көрінуінде қалыптасады. Ол кәсіби шеберліктің нақты қозғаушы күші болып табылады. Мұғалімде оның болмауы оқу-тәрбие үрдісінің пәрменділігін тежейтін және төмендететін жағдай болып табылып, тоқырау мен консерватизмге әкеліп соқтырады. Мұғалімнің әдістемелік мәдениеті педагогикалық мәдениетпен үндес. Педагогикалық мәдениет тек ұстаздың өз пәнін терең білуімен ғана шектеліп қоймайды, одан кеңірек педагогикалық білімге негізделеді. Әдістемелік мәдениет — ол ұстаздың даралығымен қамтамасыз етілетін, оқушыларға биология ғылымының заңдылықтары мен теорияларын жеткізе алу біліктілігімен, оқытылатын ғылымға қызықтыра алу, нәтижесінде оларды терең практикалық биология білімімен қаруландыра алатын шеберлік және нәзік өнер. Әдістемелік мәдениет педагогикалық мәдениеттің басты бөлшегі болып табылады және жалпы мәдениет пен педагогикалық мәдениеттер негізінде қалыптасады, сонымен қоса мынадай білім жүйесін, атап айтқанда:

- биологияның ғылыми-теориялық негіздерін;
- педагогика- психология ғылымдары негіздерін;
- биологияны оқыту әдістемелерін;
- педагогикалық еңбек шеберлігінің негізгі ойлары мен технологияларын;
- білім беру мен тәрбиелеудің негізгі әлеуметтік сұраныстары мен талаптарын меңгеру негізінде қалыптасады.

Биолог-ұстаз әдістемелік мәдениеттің жоғары деңгейін сол уақытта меңгереді, егер оған жеке тұлғаның шығармашылық дербестігі және өзін-өзі ұйымдастыру қабілеті дарыған болса.

Ұстаздың ең етене кәсіптік белгісі — педагогтық әдеп. Мұғалімнің кәсібінің ерекшелігі ең алдымен оның педагогтық әдебінде жатады. Өнші үшін үн немесе музыкант үшін музыканы ұғу қандай қажет болса, ұстаз үшін педагогтық әдеп сондай қажет.

«Әдеп» латынша *tactus* «жұғысу», «адамдар арақатынасының түрі» мағынасында қолданылады. Әдеп — адамдардың өзара жақсы қарым-қатынас жасауына қажетті жағдай. Педагогтардың кейбіреулері педагогтық әдеп мұғалімнің оқушыны баурап алатын табиғи қабілеті десе, енді біреулері — мұғалімнің жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі; үшінші біреулері пәнді жетік білу және оның әдістемесін жақсы меңгеру деп есептейді. Осы айтылғандардың бәрінде де педагогтық әдептің азды- көпті белгілері бар [3].

Педагогтық әдеп ұстаздық шеберлікпен де байланысты. Ұстаздық шеберліктің негізі, біріншіден, мұғалімнің өмірге көзқарасы, дүниетанымы, оның ой-пікірлік нанымы. Екіншіден, пәнді жетік білуі, негізгі материалды терең түсінуі, толғауы. Үшіншіден, оқу-тәрбие жұмысының әдіс-тәсілдеріне жетіктігі. Кең мағынада алғанда педагогтық әдеп — ұстаздың әрбір нақты іс үстінде тәрбие мәселесінің ең ұтымды әдіс-тәсілдерін қолданып, оқушыларды баурап алатын кәсіптік сапасы.

Мұғалім өз жұмысында әр түрлі кәсіптік тәсілдерді пайдаланады. Олардың көпшілігі оқушылармен байланыс орнату немесе байланысты үзбеу мақсатында, оларға психологиялық әсер ету, белгілі бір көңіл-күйге келтіру және сыныпта жағымды атмосфера тудыру үшін болады. Ұстаздың кәсіби шеберлігінің деңгейі, ол осы тәсілдерді қаншалықты меңгерген, жұмыста қаншалықты дәрежеде саналы қолдана алатындығымен анықталады.

Мұғалім қандай жағдайда болсын оқушыларға әйтеуір әсер етеді (барлық адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда әсер ететіні сияқты). Ұстаз өзінің оқушыға қай уақытта, қалай әсер ететінін әркез өзі біле ме, өзінің осы әсерін басқара ала ма және көкейдегі нәтижесін ала алады ма, мәселе осыда.

Ұстаздың оқушылармен әрекетіндегі *ілтнпаттылық*, *сенім*, *әділдік* (оқушылардың көбінесе назар аударатыны бағалау әділдігі), *төзім* және *сабыр сақтау*, *әзіл*, *тапқыр сөз* т.б. сияқты педагогтық кәсіптің негізгі ерекшеліктерімен қатар аса маңызды бір жай — ол сөйлемей қарым-қатынас жасау, басқа бірнеше каналдар арқылы байланыс. Олар ымдау, тұспалдау, кейіпі, бет бейнесі, дауыс ырғағы, жанасу (тию), арақашықтықтан әсер ету. Өзінің сөйлемей істейтін қылығын құбылта отырып, ұстаз қажетті ықпал етуге жете алады.

Психологияда белгілі осы жағдайлардың бірі — *арақашықтық*. Мұғалім мен оқушының арақашықтық арқылы байланысы көбінесе алдыңғы 2–3-партадағы балалармен екі арада жақсы көрінеді. Одан әріректе отырған және шеткері отырған балалармен байланыс төмен болады, ол балалар мұғалімнің ықпалынан тыс қалады. Олардың көңілін аудару үшін мұғалім үнемі қосымша тәсіл — сабақты бөліп ескерту жасауға мәжбүр болады. Бұл тәсілдің әсері ұзаққа бармайды да, мұғалім бірте-бірте ашулануға дейін барады. Егер ұстаз сыныпта еркін қозғалып жүрсе, ол барлық

оқушыларды кезекпен өзінің әсер ету аясына ала алады, әрқайсысын тарта, қарата алып, кері байланыс орнатады. Бұл, әрине, мұғалім үздіксіз сыныпта жүре береді деген емес. Ол қатармен өтіп бара жатып бір парта жанына тоқтап, сол жерден сөйлей алады, осындай кезде әсер ету тақта алдындағыдан басқаша болады. Оқушыға жақындау бұл оған көңіл қою, онымен жеке байланыс жасау, оның сабақтағы жұмысын белсендіру болып табылады. Егер мұғалім оқушыға тек жазалау үшін, бір нәрсені алып қою, тексеру үшін ғана жақындаса, әрине, оның сыныптағы кез келген жүрісі ынғайсыздық, тек қолайсыз жағдайды ғана күтуді туғызады. Ал егер ұстаз сабақ үстінде қарым-қатынасты жақсарту үшін жүретін болса, онда ол оқушылар белсенділігін едәуір арттырады.

Оқушылардан сабақ сұрау кезінде де әр түрлі «арақашықтық вариантын» пайдалануға болады, бірде жақын отырғандарға, бірде қашықтағылармен байланыс құру арқылы барлық сыныпты тартуға болады. Сонымен арақашықтықты өзгерту ұстаз-оқушы арасын жақындата түседі. Мысалы, оқушыларға кейде ұстаздың олардың парталарына отырып, онымен бір дәрежеде сөйлескені күтпеген жағдай болуы мүмкін. Ал ол ұстаздың баланы жақсы сезінуіне мүмкіндік береді.

*Жанасу* арқылы көңілді аударуға, жекелей байланыс орнатуға, оқушыға өз ықтиярынды білдіруге болады. Сабақтағы мұғалімнің сынып ішінде еркін жүруі осы тәсілді қолдануға жеңілдік береді. Оқушылармен байланыстың бұл жолы әсіресе төменгі сынып балаларымен жұмыс кезінде маңызды. Сабақты үзбей ол, алданып отырған балаға қолын тигізіп, сәтті жауабын атап мадақтап өтуіне болады. Жағымсыз ұстау, жанасулар да болады ол, баладан бірденені алып қою, оның қылығын тежеу т.с.с., осындай жанасудың «сабақтан тыс» болатыны кездеседі (дәлізде, далада). Осындай жанасулар балада жағымсыз сезім қалдырады, бұл бір қысым көрсету, күш жұмсау сияқты әсер етіп, оқушы келесіде мұғалімнен қашқақтап жүреді де, кездесіп қалса, жауап қайтаруға итермелейді [4].

*Қимыл, қылық (жест), ишара* бұл мұғалімнің әбір сабақтағы үйреншікті жұмысы (қалам алу, тақтаға жазу т. б.). Осыған қосымша басқа, сабақ кезіндегі оқушымен арадағы байланыстағы қимыл сыныпта бастапқы минуттен белгілі бір көңіл-күй қалыптастырады. Қимыл ашумен, қатал немесе көңілсіз болса балалардың жауабы да осыған сәйкес болады. Кейде биологияда тірі ағзалардың көптеген қимыл, қылықтарын көрсету қажет болатын кездері болады. Бұл үлкен шеберлікті талап етеді.

*Бет-бейне*, немесе *бет-әлпет*, бұл адамның ішкі дүниесін көрсететін айна. Адам жөнінде алғашқы әсер, пікір және онымен қатынас жасау көпшілік жағдайда оның бет-әлпетіне байланысты. Ал балалар үшін бұл жағдай еселене түседі. Балалар жеңіл жымыған мейірімді бейнені ұнатады да тұйық, көңілсіз адамдармен аса еркін сөйлесе алмайды. Олар байсалды бет-бейне мен әдейі жасалған қатал бейнені бірден аңғарады.

Өкінішке орай, көпшілік биолог-мұғалімдерде балаларға әсер ету үшін «арнайы бет-бейне» жасауды міндетті, қажет нәрсе деп түсіну жиі кездеседі. Көбіне ол қатал, маңдайы тыжырылған бет-әлпет — ол бетке киген маскадай ойдан шығарылған бейне, өзінше бір жақсы тәртіпке және оқушының үлгеріміне әсер етеді деп есептеледі. Бірте-бірте, өкінішке орай, бұл маска бетке қоса бітісіп кетуі, сөйтіп мұғалім сынып алдында осы өзі шығарған бейнеде мәңгілікке қалып қоюы мүмкін. Осы жасандылықты оқушылар өте жақсы сезеді. Ол балаларды мұғалімнен алшақтатады, байланысты қиындатады. Ал егер байланыс нашар болса, онда біріккен жұмыстан қандай жетістік күтуге болады?

«Арнайы ашуланған» бет-әлпет те балалардың жағымды қатынасын тудырмайды. Сондай-ақ балалар шын ашулы кейіпті бір түсінікті жағдайдай дұрыс «қабылдайды».

Ұстаз мимикасының ширақ болуы да басты жағдай. Қарым-қатынас жасаған адамның әрекетіне бет-бейнесінде белгілі бір жауап болған адаммен жеңіл түсінісіп кетуге болады. Сондықтан балаларға бет-әлпетінен барлығы «көрініп тұратын» мұғаліммен жұмыс істеу жеңіл, ал бетінде еш өзгеріс болмайтын мұғаліммен қиын, кері байланыс жоқ, мұғалімнің не ойлап, қандай сезімде тұрғаны түсініксіз.

Көпшілік жағдайда мұғалімнің өзі сезбейтін, кең таралған құбылыс — «белгілі бір оқушыға арналған арнайы бет-әлпет». Әрине, мұғалімге ұнайтын оқушылар болады, жағымсыз, сөйлескенге ұнамсыз балалар да болады. Сөйтіп әр түрлі оқушыға қарым-қатынас жасағанда ұстаздың бет-әлпеті соған сәйкес пішінді қабылдап, оқушы оны бірден «оқып», сезе қояды. Осы жағдай пайда болған жатсыну сезімін одан әрі бекітіп, ұлғайтуы мүмкін. Төмен үлгерімдегі оқушыдан мұғалім сабақ сұрағанда алдын ала «үмітсіз» бейнемен: бәрібір түк білмейсің, жауап бермессің деп қарауы жиі кездесетін құбылыс. Мықты оқушы, әдетте, жадыраған «бұл біледі» деген үмітті бейнені көреді. Осының бәрі, әрине, адамшылық жағынан да түсінікті нәрсе. Бірақ кәсіпқой ретінде ұстаз өзінің

мінез-қылығын билей алады және билеуі керек, оған міндетті, сөйтіп жағдаятты жақсы жағына қарай өзгертуге: кімге онысыз да қиын, соны демеуге, сөйтіп ол оқушы өзін үмітсіз сезінбей, жетістікке жететіндей болуын қамтамасыз ету керек.

Айта кететін бір жай, төменгі және орта сыныптарда пәнге қызығушылық, балалардың белсенділігі олардың ұстазбен қандай қарым-қатынаста екендігіне байланысты, мұғалім тарапынан мейірім, демеу, ерекше көңіл бөлуімен едәуір дәрежеде байланысты болады. Осының бәрі, әлбетте, мұғалімнің оқушыға қараған бет-әлпетінен «оқылып тұрады».

*Көзқарас* — бұл оқушымен қарым-қатынастағы көру мүшесі арқылы байланыс. Алыстан қарағандағы арақашықтықта әсер етеді. Ол оқушылардың барлығын және әрқайсысын шолып шығуға мүмкіндік береді. Жақын отырған оқушыларға көзқарас қатты әсер етеді, әсіресе талмай, ұзақ қараудың әсері күшті. Балаға ересек адамның көзқарасы өздерінің құрдастарына қарағанда, «күштірек» әсер етеді. Сондықтан мұғалім өзінің ескертуін, сендіруін кадала қараумен қоса жүргізсе, ол балаға «тым ауыр» болуы мүмкін.

Талғаусыз, немқұрайды көзқарас та оқушыға ыңғайсыз: мұғалім сені көріп тұр ма, жоқ па, бұл байланыс жасауға бөгет.

Көбінесе көзқарас қаталдық пен құптамаушылықты, риза еместік пен наразылықты білдіреді, ал қанағаттанғандық пен қуаныш, құптау мен ықыласты, қызығушылық пен жандандыруды аса сирек көрсетеді.

Ұстаздың жұмысының негізгі құралының бірі — оның *даусы*. Дауыстың шығуы — қарым-қатынастағы маңызды компонент. Бұл жерде барлығы маңызды — дауыстың «күші», жоғары-төмендігі, интонация, сөздің екпіні, ырғағы.

Мұғалімнің қатты дауысы — бұл кәсіби проблема. Үнемі қатты сөйлеуге тырысқан мұғалімнің жай сөйлеуі бірте-бірте қиынға соғады. Бұл жағдай оның өзін және балаларды үнемі «тырысып» тұруға дағдыландырып жібереді. Қатты дауыс қысымшылық жасаудың бір тәсілі болып табылады. Оқушылармен ол осылай қабылданады да: шаршатады, наразылық, қарсылық тудырады, сөйтіп осындай дауыспен беріліп тұрған ақпаратты қабалдау қиынға соғады [4].

Аса қатты дауыс немесе айқай әуелде балаларды қорқытуы (әсіресе кішкентайларды) мүмкін, есі шығып мелшиіп қалуы мүмкін. Жоғарырақ сынып балаларында басқаша реакция болады. Ол бірте-бірте әдет болып кетіп, мұғалім «айқайлайды да қояды» деген жағдайға жетеді. Оқушылар үнемі қиын жағдаятта айқайлап қана қоятын, басқа қолынан ештеңе келмейтін мұғалімнің әлсіздігін де сезеді.

Оқушылар мұғалімнің дауысын үнемі естиді, ол дауыс сыныпта бір атмосфера қалыптастырады, жұмыс өтетін орынның ахуалын білдіреді. Сондықтан дауыстың жоғарылығы, тембрі аса маңызды. Мысалы, құлақ тұндыратын, ащы немесе бірсарынды, күңіренген дауысты үнемі тыңдау аса ауыр. Мұғалімнің дауыс екпіні де, егер ол аса жылдам болса, қабылдауға әсер етеді. Сөздердің мағынасы олардың арасындағы кідірісте қабылданады, егер кідіріс жоқ болса — бала мағынаны мүлде түсінбеуі мүмкін. Бірыңғай емес, үзік-үзік екпін де қабылдаудың біртұтастығына бөгет болып, мұғалімнің де жұмыс тиімділігін төмендетеді.

Дауыс ырғағы мұғалімдерге тән кәсіби-әдет, ол әр түрлі мұғалімдерде көбінесе бірдей болады да тілдің жекелеген ерекшеліктерін «жауып» кетеді. Ең басымды болып есептелетін өнегелі, өтімді-түсіндірмелі ырғақ.

Жас мұғалімдерде арнайы ерекшеленген ырғақ қаталдығы және қатал бет-бейне болады. Осылардың барлығы бірігіп балада «ол өте қатал мұғалім, онымен ойнау қауіпті» деген сезім тудырады. Осындай дауыс ырғағын қолданудың бір кері нәтижесі балалардың жатырқап кетуіне, сырт кездескендегі қатынаста бөгет болуына әкеледі.

Керісінше, қатал ырғақ жұмсақ байланыс арасында аса сирек болса, онда ол сыныпты елең еткізіп, қиын кезеңде балаларды жұмылдыруға бірден-бір себеп болады.

Осы орайда, қазақ халқына тән *шешендік өнердің* ұстаз тұлғасына қабыса түскені бірден-бір үйлестік болатынын айту керек. Мұғалімдердің барлық сөздері балалардың «жанына», жүрегіне жете ме? Бұл біздің қолымыздан келіп жүр ме?

Шынын айтсақ, көпшілік жағдайда, жоқ. Әрине, сөз құдіретін меңгерген, ұстаздықты мәдениет аясына шығарған мамандар бар, бірақ сирек. Олар тақырыпты, мазмұнды «шыр айналдырады», балаларды еліктіріп, ойлануға мәжбүр етеді, толғантады, «ұйқыдағы бүршігін» оятады. Ал көпшілік мұғалімдер әдетте, кітап бойынша, әдістемелік құрал бойынша, конспект бойынша оқытушылар ғана. Осыдан барып тек «сұрақ — жауап» принципінде оқу және оқыту қалыптасады, сөйтіп бірсарынды сүреңсіз сабақтардан енжарлы бала тәрбиеленеді. Бұл ол мұғалімдердің кінәсі емес, соры [2].

Ұстаздың шешендігі бұл — өнер. Өйткені сабақты беру аз, оны орындау қажет, бұл нәзік өнер. Шешендікпен бірге биология ғылымына берілгендігі, рухани байлығы, имандылық дәрежесі шеберлікті асыра түседі. Осы қасиеттер тоғысқан ұстаздар баланы ретін келтіріп мақтауды: «сен дұрыс айттың», «тамаша», «жақсы жұмыс» деп және тағы басқа жолдармен тіпті оқушының жетістігі шамалы болса да соны атап, қанаттандырып қояды. Ол балаларда өзіне деген сенім тәрбиелеп, келесі қадамын одан да нық басуға себеп болады, өз еңбегіне алған мадақтауының тәтті сезімін кешеді, оқушының білімге деген қызығушылығын оятады.

Биология мұғалімінің *сұрақ қою шеберлігі* де ұстаздық шеберліктің бір көрінісі, себебі пәннің ерекшелігі, алдыңғы бөлімдерде қарастырылып өткендей, сұрақтардың балаларды жаттанды жауапқа емес, «білім тасымалдау», ақпараттарды саралау, салыстыру, қиялдау сияқты шығармашылық еңбекке талпындыруы керек. Осыған байланысты сұрақтардың демеу, жетелеу, түрткі сұрақтар және талдап-тарқату сияқты түрлері болатыны белгілі.

Барлық осы қарастырылған мұғалім мен оқушы арақатынасындағы жағдайлар айналып келгенде ұстаздың кәсіби шеберлігін көрсететін ерекше қасиеттер. Осындай қасиет бір мұғалімде мол, бірінде болмауы мүмкін, ол адамның туа біткен ерекшеліктері негізінде көрініп, кәсіби шеберлікті шыңдау нәтижесінде ұлғаяды. Қазақта «арқасы бар» деген сөз бар, ол ұстазға әбден тиесілі, себебі «арқаның болуы» негізінен туа біткен дарынмен дәл тапқан кәсіп иесінде ұштасып шарықтап көрінеді. Бұл мәселе, шығармашылық кәсіптегі адамдарға тән қасиет, себебі ол өз «бабын ұстаса» басқа мәселенің барлығын ұмытып, сол жағдайға «бойлап кіреді», «ағыл-тегіл» шыға береді. Шығармашылықтың шарықтау шегінде көріну кез келген ұстазға абзал қасиет [2].

Осы ерекшелік жаңашыл ұстаздар сияқты өз ісінің хас шеберлерінде жиі кездеседі. Қандайда бір сабақта, оқу-тәрбие үрдісінің кез келген үрдісінде шығармашыл ұстаз керек десеңіз өз тәсілдерін іздейді, табады, жасайды. Осындай ұстаздардың сабақтағы шығармашылығы әр түрлі жағынан байқалуы мүмкін: ол бір проблемалық тапсырманы шешу жолын орынды ымдаумен, иә тұспалдаумен немесе аяқ астынан ойына келген (ұстаздың өзіне де тосын) проблеманы қою, бірден, дайындықсыз демеу-ізденушілік әңгіме ме және тағы басқа да әйтеуір ұстаздың өзінің бір әдеттен тыс, өзіне ғана тән берілгендік, тілектестік қырынан көрінуін құрайды.

Шығармашылықты бір әдеттен (дәстүрден) тыс жағдай деп алсақ, онда ол алдыңғы еңбек не дене шынықтыру сабағынан немесе бір жарыстан (концерттен) т.б. көңілі бөлініп, алаң болып келіп отырған оқушыларды осы сабаққа ден қойғызу үшін аса қажетті қасиет.

Ұстаз еңбегіндегі тағы бір ерекшелік — *мақтау, мадақтау*. Жалпы, бала тұрсын, кез келген адамды мақтаған оны бір «көтеріп тастайтыны» белгілі. Осыдан баланы мақтау, мадақтаудың оқу-тәрбие үрдісіндегі маңызына шек келтіруге болмайды. Бірақ ол орынды болуы тиіс және жиі болмағаны жақсы (жиі болса, оның мәнділігі төмендейді). «Тамаша жауап», «өте жақсы айттың», «жарайсың» деген сөздерді балалар күтіп отырады. Оқушыны марапаттаудың арасы неғұрлым сирек болса, соғұрлым оның ынталандыру әсері күштірек болатынын ұмытпаған жөн. Баланың талпынысын, бір жетістігін (әсіресе төмен үлгерімдегі оқушыны) дер кезінде байқап мақтау, көмектесу немесе демеп жіберу оған тәртібін өзгертуге, қызығушылығын оятуға себеп болып, жазалануынан сақтап қалуға әсер етуі мүмкін. Жазалау да мұғалім еңбегінің бір көрінісі, бірақ жазалауға сараңырақ болу керек.

Барлық айтылғандарды сабақтай келіп жас мұғалімдерге *мынадай кеңес* беруге болады:

- оқушының жаттанды жауабымен келіспеңіз. Жауаптың дәлелін, түсініктемесін талап етіңіз;
- оқушылардың өзара дау мәселелерін (оқу-тәрбиемен байланысты) жеңіл жолмен шеше салмаңыз. Тура, дәл жауабын беріп немесе былай шешіледі деп жолын айтып бермеңіз;
- өз оқушыларыңызды мұқият тыңдаңыз, сөйтіп олар үшін бір жаңа мәселені ашуға себеп болуы мүмкін;

– дәстүрден тыс ойлауға, соған «ұрындыруға» тәрбиеле, өзінді де солай ойлауға тәрбиеле.

Ұстаздың өзі қай кезде де оқушы;

- оқушыға: «Сенің ойыңды тыңдауға, талдауға уақыт жоқ» деп еш уақытта айтпаңыз;
- мақтауға, марапаттауға, көтермелеуге «қарымбай» болмаңыз;
- сабақтың «өмірлік» бағдарламасы болмайды, үнемі бірдей сабақ жүргізу әдісі де жоқ, шығармашылық керек.

Бұл қысқаша айтылып өткен ұстаздық еңбектің қыр-сырлары, әсіресе жас, еңбек жолын енді бастаған мұғалімдерге тәжірибелік қор ретінде болатыны анық.

## Әдебиеттер тізімі

1. Реброва Л.В. Личность воспитывает личность // Биология в школе. — 1999. — № 4.
2. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі. — Қарағанды: «Санат-Полиграфия» ЖШС, 2006. — 344 б.
3. Шакузадаұлы Н., Ергалиева Ж. Әдептілік қағидалары. Тәлім-тәрбие бөлімі. — Алматы: Өнер, 2003.
4. Онищук В.А. Урок в современной школе. — М.: Просвещение, 1991.

УДК 15

А.Ж.Черниязова

Многопрофильный колледж СКГУ им. М.Козыбаева, Петропавловск

### К ПРОБЛЕМЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ СОЦИАЛЬНЫХ РАБОТНИКОВ ДЛЯ РАБОТЫ В ПОЛИКУЛЬТУРНОЙ СРЕДЕ

*Мақалада болашақ әлеуметтік қызметкерлердің іс-әрекетінде полимәдениеттік ортада полимәдениеттік білімнің негізінде құндылықтар мен мәдени әлемнің идеалдары, толеранттылығы, белсенді мәдениаралық қарым-қатынастығы кәсіптік қалыптасу процесі, полимәдениеттік білім беру сұрақтары қарастырылады. Автор полимәдениеттік мәселелердің рөлі мен тәжірибелік мәнін анықтау арқылы әлеуметтік қызметкерлерді тәрбиелеу мәселелерін, қазіргі жағдайда студенттердің полимәдениетін қалыптастыру бойынша деректер береді. Жоғары мектептегі полимәдениетті қалыптастырудың міндеттерін ескереді де, оларды шешуге қажетті нормативтік құжаттарды ұсынады.*

*In the article the process of forming of professional readiness of future social worker is probed to activity in a polikul'turnoy environment on the basis of polikul'turnogo education of values and ideals of the world culture, tolerance, active mezhkul'turnoy communication, facilities, the questions of polikul'turnosti education are examined. In article problems of education of youth in the spirit of patriotism where the author marks a role and knowledge in questions of patriotism put by history are solved. The author presents the data on formation of patriotic culture of students in modern conditions. Article mentions higher school problems on patriotism formation where the author presents standard documents necessary for the decision of the given problem.*

Поликультурность пространства жизнедеятельности человека стала неотъемлемой чертой современного индустриально развитого мира. Неизбежно в связи с этим специфическое преломление этой проблемы в сфере образования. Растущее осознание мировой общественностью нарастающего противоречия между повышением уровня полиэтничности социальной среды, в которой живет и трудится человек, и его неподготовленностью к этим изменениям привело к тому, что о поликультурности образования в последнее время все чаще говорят как о его интегральной характеристике, соответствующей современным тенденциям социально-политического развития Казахстана и мира.

Тот факт, что проблема не является чисто казахстанской, что она присуща образовательной практике самых разных государств, подтверждает ее масштаб, значимость и остроту. Речь идет о существенных изменениях в требованиях к результатам обучения и воспитания современного подрастающего поколения, о безотлагательной необходимости формировать готовность и способность к жизни в открытом обществе, где сосуществуют представители разных национальностей и этнических групп, а следовательно, носители разных культурных традиций.

Еще в канун нового тысячелетия в документах ЮНЕСКО была сформулирована глобальная концепция образования, назначение которой — обеспечить в будущем обществе превалирование ценностей и идеалов культуры мира, толерантности, активной межкультурной коммуникации; развитие международного сотрудничества [1].

Выбрав курс на вхождение в единое мировое образовательное пространство, на обеспечение социальной мобильности граждан, Казахстан развивает диалог культур и традиций, обычаев и ментальностей, религий и педагогических систем.

Феномен поликультурного образования и профессиональная подготовка социальных работников рассматриваются как интенсивные интеграционные процессы современности, пронизывающие прак-